

Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ



«Б01725-Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы
бойынша бакалавр түлектерінің
МОДЕЛІ

Қызылорда 2023

МАЗМҰНЫ

- Кіріспе
- 1 БББ сипаттамасы
- 2 Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері
 - 2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары
 - 2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері
 - 2.3 Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері
 - 2.4 Білім беру бағдарламасының оқытунәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктермен салыстыру матрицасы
 - 2.5 Маманның жеке қасиеттері
- Қорытындылар

КІРІСПЕ

Бітіруші түлектін құзыреттілік моделін әзірлеу Болон процесінің негізгі бағыттарын жүзеге асырудың құзыреттілік моделі белгілі дәрежедегі (лауазымды), белгілі бір бейіндегі маман қандай кәсіби міндеттерді шеше алуы керек деген сұраққа жауап беруге арналған. Стейкхолдерлер және барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне жауап беретін ЖОО бітірушінің заманауи үлгісін қалыптастыру Қорқыт Ата атындағы ҚҰ-ның басты стратегиялық мақсаты болып табылады және оқу үдерісіне қажетті кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етіледі. Университетте еңбек нарығында сұранысқа ие бакалавриат түлектерін сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін мақсатты кадрлық саясат және жүйелі түрде университеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту жүргізіледі.

1БББ сипаттамасы

6B01725 – Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасы екі түрлі шет тілін үйренуге және меңгеруге бағытталған кешенді курс болып табылады. Студенттер шет тілдерін өздерінің мәдени ерекшелігі контекстінде меңгереді, бұл оларға тілді ғана емес, сонымен қатар тиісті елдердің әдет-ғұрыптарын, дәстүрлері мен әдебиетін түсінуге мүмкіндік береді. Олар тілдің әртүрлі аспектілерін зерттейді: қарым-қатынас, іскерлік хат алмасу, сонымен қатар әртүрлі салалардағы нақты терминология. Сонымен қатар, бағдарлама студенттерге тілдік ортаға еруге және шет тілінде қарым-қатынас жасауда практикалық тәжірибе алуға көмектесетін шетелдік тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін қамтиды.

2. Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері

Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, объектілері, кәсіптік қызмет түрлері мен бағыттары, маманның құзыреттілік моделі (1-қосымша) туралы ақпаратты, оның ішінде дескрипторлар, білім беру бағдарламасына сәйкес құзыреттердің түрі және білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтиды.

2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты

Білім беру ұйымдарының аймақтағы және еңбек нарығында қажетті шет тілін меңгерудің ұлттық тұжырымдамасын шығармашылық түрде жүзеге асыруға құзыретті, білікті, жоғары білімді, бәсекеге қабілетті ағылшын, қытай, корей және араб тілдері мұғалімдерінің жаңа буынын дайындау./

Цель образовательной программы - подготовка нового поколения компетентных, высокообразованных, конкурентоспособных учителей английского, китайского, корейского и арабского языков, способных творчески реализовать национальную Концепцию развития иноязычного образования, востребованных образовательными организациями области и на рынке труда.

2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- студентке шетел тілін толық меңгеру үшін жеткілікті білім және дағды қалыптастыру;
- шетел тілінде коммуникативтік іс-әрекеттің ауызша және жазбаша түрлеріне машықтандыру;
- пәнді оқыту барысында меңгерген білім мен дағдыларды өз бетінше жетілдіру және тереңдетуге дағдыландыру;

- білім алушылардың шеттілдік білім беру әдістемесінің дамуының әлеуметтік-тарихи шарттарының заңдылықтарын және іпгелі парадигманың ауысуын түсінуін қамтамасыз ету;

- білім алушылардың бойында әдістемеге ғылыми теориялық-қолданбалы ғылым ретінде, оның қазіргі жай-күйі және даму перспективасы туралы түсінігін қалыптастыру;

- шеттілдік білімнің тұжырымдамалық базисі болып табылатын когнитивтік лингвомәдениеттанымдық әдіснама туралы, құзіреттілікке бағдарланған жаңа типті шеттілдік білім беру туралы біртұтас ғылыми негізделген түсінік тудыру;

2.3 Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері

ЖБҚ1

Қазақстанның қазіргі тарихының негіздерін, қазақстандық қоғамның тарихи даму заңдылықтарын түсінеді, дамудың қазіргі қазақстандық моделінің ерекшеліктерін дәлелдейді; тарихи тұлғалардың өмір сүру үлгісінде қазіргі қоғамның демократиялық құндылықтары рухында, Патриотизмді тәрбиелеудің маңыздылығын түсіндіреді.

ЖБҚ2

Бағдарлама талаптары бойынша зерттелген тілдің емле, орфоэпикалық, лексикалық, грамматикалық және стилистикалық нормаларын біледі және оларды ауызша және жазбаша қарым-қатынас түрінде ғылыми салада ауызша сөйлесудің барлық түрлерінде дұрыс пайдаланады.

ЖБҚ3

Сөйлеу дағдылары мен іскерліктерін жетілдіреді, коммуникацияның ғылыми саласымен байланысты жаңаларын қалыптастырады, ана тіліне қатысты қосымша қарым-қатынас құралын меңгереді.

ЖБҚ4

«Дене шынықтыру», «күнделікті іс-әрекет» терминдерін меңгереді; физикалық жаттығулар мен дене шынықтыру жаттығуларының рөлі мен маңыздылығын, дене шынықтыру сабақтарын, шынығуды, таза ауада серуендеуді, сыртқы ойындарын, денсаулығын жақсартатын спортты, дененің негізгі жүйелерін дамытуды сипаттайды; дене шынықтыру сабақтарының физикалық, жеке және әлеуметтік дамуына оң әсерін көрсетеді.

ЖБҚ5

Саясат қызметінің мәні мен заңдылықтарын, оның қоғамдағы рөлін; биліктің, саяси институттардың жұмыс істеу принциптерін түсінеді, Саяси жүйелер мен режимдердің өзара байланысын негіздейді; қазіргі заманғы мемлекеттердің саяси стратегиясы мен ұлттық мүдделерін талдау негізінде фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды бағалауды; Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету факторы ретінде ұлттық, азаматтық бірегейліктің рөлін негіздейді.

ЖБҚ6

Философия қоғам өмірінің әлеуметтік-мәдени дамуын, мәдени өзіндік болмысты ашу және табудың мүмкін стратегиялары мен тәсілдерін, әлемнің практикалық және рухани дамуының нәтижелерін жалпылайды.

ЖБҚ7

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік таныту, заң мен құқыққа құрмет таныту. Білім алушының танымдық, әкімшілік-басқару, әлеуметтік-еңбектік, арнайы-кәсіби, жоспарлау-ұйымдастыру, жобалық-конструктивті және ақпараттық-технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастырады.

ЖБҚ8/ОК8/GC8 Заманауи әдістемелер мен технологияларды қолдана алады, әр түрлі білім беру мекемелерінде білім беру процесін жүзеге асыру.

ЖБҚ9

Ауқымды компьютерлік желілермен жұмыс жасау дағдылары қалыптасқан. Интернетті ақпараттық ресурс ретінде оқыту үрдісінде пайдалану технологиясын игерген. Мультимедианы құрал және технология ретінде білім беруде пайдалану дағдысы қалыптасқан.

БҚ1

Студенттер теориялық грамматиканың тілдік-мағыналық құрылымы және грамматикалық бірліктердің сөйлеу әрекетіндегі қызметі туралы түсінігін қалыптастырады. Тіл жүйесіндегі фонетикалық бірліктердің табиғаты мен қызметін анықтауға, жүйедегі негізгі бағыттардың даму кезеңдерін, дауыс ырғақ ерекшеліктерін меңгеріп, сөйлемдерге фонетикалық талдау жасап,

тонограмма жасауға үйренеді.

БҚ2

Студенттерге шетел тілін оқытуда қолданылатын инновациялық әдіс –тәсілдердің ғылыми – теориялық негіздері , олардың ерекшеліктері және тиімділігі туралы мәлімет беру, әдістемелік шеберліктерін арттыру.

БҚ3

Қазіргі корей тілінің грамматикалық заңдары мен лексикалық құрлымының ерекшелігі.

БҚ4

Студенттердің коммуникативтік және жалпыкәсіби құзыреттерін дамытады.

БҚ5

Ағылшын тілінің теориялық грамматикасы пәні бойынша негізгі теориялық бағыттарды, зерттеулерді біліп, өз тәжірибесінде қолданады.

БҚ6

Шет тілдерін оқыту теорияларының өзгеруінің объективті себептерді талдауға қабілетті.

БҚ7

Шетел тілі мұғалімінің коммуникативтік- оқытушылық, ұйымдастыру жоспарлаушылық, тәрбиешілік қызметтерін меңгереді.

2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын күйреттіліктер мен салыстыру матрицасы

Циклі/сем	1 сем.	2 сем.	3 сем.	4 сем.	5 сем.	6 сем.	7 сем.	8 сем.	Барлығы
ЖББПМК	17	20	7	7					51
ЖББПТК			5						5
БП ЖК	5	10	6	12	9	8	6		56
БП ТК	6		8	13	5	5	10		47
БеП ЖК					5	10	10		29
БеП ТК					8	4	11		19
Практика		2			6			15	23
ҚА			2					8	10
Барлығы	28	32	28	32	33	27	37	23	240

2.5. 6B01725 – Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша маманның жеке қасиеттері.

Ағылшын тілі мұғалімі үшін тіл үйренуге деген ынтасы мен махаббатының болуы маңызды, сонымен қатар ағылшын тілінің грамматика, лексикасын меңгерген болуы қажет. Оқу орнында заманауи шет тілі мұғалімі коммуникативті дағдылары дамыған, жарқын тұлға және жоғары деңгейдегі кәсіби маман болуы керек. Мұндай дайындық студенттердің тілді меңгеру сапасын жақсартады және жалпы курстың бір бөлігі ретінде оқытылатын пәнге тұрақты мотивация жасайды.

Қорытынды.

6B01725-Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі.